

Жекелеген мемлекеттік мекемелерді республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 қарашадағы № 1259 қаулысы

«Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағының 4-6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) Қарағанды қаласының «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесін мүліктік кешен ретінде республикалық меншіктен заңнамада белгіленген тәртіппен Қарағанды облысының коммуналдық меншігіне беру туралы Қарағанды облысы әкімінің;

2) Ақтау қаласының «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесін мүліктік кешен ретінде республикалық меншіктен заңнамада белгіленген тәртіппен Маңғыстау облысының коммуналдық меншігіне беру туралы Маңғыстау облысы әкімінің;

3) Шымкент қаласының «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесін және Оңтүстік Қазақстан облысы Ақсукеңт ауылының «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесін мүліктік кешендер ретінде республикалық меншіктен заңнамада белгіленген тәртіппен Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру туралы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің ұ с ы н ы с т а р ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Қарағанды, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мүліктік кешендерді қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ